

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 269 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 5 наурызда № 16502 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2025 жылғы 29 қыркүйектегі № 61 қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 29.09.2025 № 61 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.12.2023 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. Банктер (ұлттық даму институты болып табылатын, акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі банкті қоспағанда) және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап бір ай ішінде Қағидаларға сәйкес Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесін әзірлесін және бекітсін.

3. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

4. Бухгалтерлік есеп департаменті (Рахметова С.К.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 5-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

7. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Д. Ақышев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2018 жылғы 20 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің

Статистика комитетінің Төрағасы

_____ Н. Айдапкелов

2018 жылғы 20 ақпан

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексіне, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және банктер (ұлттық даму институты болып табылатын, акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі банкті қоспағанда), Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары және банктік қарыз операцияларын жүргізуге арналған лицензияның негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі – қаржы ұйымдары) үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.12.2023 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақшаны толық алмау – шартқа сәйкес қаржы ұйымына тиесілі ақша ағындары және қаржы ұйымы алуды күтіп отырған ақша ағындары арасындағы айырма;

2) берешек – қарыз алушы өтемеген, қарыз шартының талаптарына сәйкес негізгі борыш, есептелген сыйақы және (немесе) өзге төлемдер түріндегі талаптың сомасы;

3) біртекті қаржы активтері – кредиттік тәуекелдің сипаттамаларына ұқсас сипаттамалары бар қаржы активтерінің тобы;

4) дефолт – төлеу мерзімі күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен өтіп кеткен мерзімі өткен төлемнің (төлемдердің) болуы не осы тармақшада көзделген бір немесе одан көп жағдайдың болуы. Дефолтты айқындау мақсаттары үшін қаржы ұйымы мынадай ахуалдарды қабылдайды:

қарыз алушының банктегі басқа қарыздары бойынша 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі бар мерзімі өткен берешектің болуы;

қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлау көрсеткіші ретінде басқа банктердегі қарыздар бойынша 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі бар мерзімі өткен берешектің болуы;

қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты қарыз бойынша сыйақыны есептеуді тоқтата тұру;

қарыз берілген сәттен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюына байланысты қарыз алушы берешегінің бір бөлігін және (немесе) бүкіл сомасын есептен шығару;

қарыздарды айтарлықтай дисконтпен сату;

қарызды мәжбүрлеп қайта құрылымдау;

"Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Оңалту және банкроттық туралы заң) сәйкес қарыз алушыны банкрот деп тану туралы талап-арыз беру;

Оңалту және банкроттық туралы заңға сәйкес қарыз алушының өзін банкрот деп тану туралы сотқа өтініш жасауы;

"Қаржы құралдары" халықаралық қаржылық есептілік стандартына (бұдан әрі – 9-ХҚЕС) сәйкес келетін және Қағидаларға сәйкес бекітілген Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінде көзделген өзге жағдайлар;

5) жеке қаржы активі – жалпы баланстық құны есепті күні қаржылық есептіліктің деректеріне сәйкес меншікті капиталдың 0,2 (нөл бүтін оннан екі) пайызынан асатын, бірақ кемінде елу миллион теңге болатын қаржы активі немесе өзара байланысты тарапқа қойылатын талапты білдіретін қаржы активі.

Қаржы ұйымының осы тармақшада көзделген өлшемшарттарға қосымша қаржы активін жеке активтерге жатқызуға арналған қосымша өлшемшарттарды белгілеуіне жол беріледі.

Қаржы ұйымының қаржы активінің жалпы баланстық құнының меншікті капиталға өзге, бірақ меншікті капиталдың 0,2 (нөл бүтін оннан екі) пайызынан аспайтын арақатысын айқындауына жол беріледі.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары үшін меншікті капитал деп бас офис шотының, резервтердің және Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы қызметі нәтижелерінің сомасы түсініледі.

6) контрагент – шарт бойынша қаржы ұйымы болып табылмайтын, осы шарт бойынша провизиялар (резервтер) қалыптастыратын тұлға;

7) кредиттік-құнсызданған қаржы активі – 9-ХҚЕС өлшемшарттарына сәйкес келетін құнсыздану белгілері анықталған қаржы активі;

8) кредиттік скоринг – қарыз алушының кредитке қабілеттілігін сапалық және сандық сипаттамаларға негізделген бағалау;

9) қаржы активінің амортизациялық құны – бастапқыда тану кезінде қаржы активі бағаланатын сома, минус қарыздың негізгі сомасының есебінен төлемдер, плюс (минус) дисконттың (сыйлықақының) жинақталған амортизациясының тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген және зиянға арналған бағалау резерві ескеріле отырып түзетілген өлшемі;

10) қаржы активінің жиынтық баланстық құны – қаржы активінің зиянға арналған бағалау резервінің көлеміне түзетілгенге дейінгі амортизацияланған құны;

11) қарызды қайта құрылымдау – қарыз шартының тәртібін және талаптарын кез келген өзгертуі;

12) қарызды мәжбүрлеп қайта құрылымдау – қарызды қайта құрылымдау және төменде аталған мынадай жағдайлардың бірі:

негізгі борыш және (немесе) сыйақы төлемдері бойынша жеңілдікті кезең ұсыну не оны күнтізбелік 60 (алпыс) күннен астам мерзімге ұзарту болашақ ақша ағындарының таза келтірілген құнының 10 (он) пайыздан астам төмендеуіне әкеледі;

кредит мерзімін ұзарту - кредит бойынша бір немесе бірнеше төлемді күнтізбелік 60 (алпыс) күннен астам мерзімге кейінге қалдыру болашақ ақша ағындарының таза келтірілген құнының 10 (он) пайыздан астам төмендеуіне әкеледі; қарыз бойынша негізгі борыштың және (немесе) сыйақының бір бөлігін есептен шығару немесе кешіру;

сыйақы бойынша мерзімі өткен төлемдерді капиталдандыру;

сыйақы бойынша мерзімі өткен берешекті капиталдандыра отырып, қарыз валютасын бір валютадан екінші валютаға өзгерту (айырбастау);

банкте қарыз бойынша мерзімі өткен және (немесе) мерзімі өтпеген берешекті төлеу үшін жаңа қарыз беру;

қарыз бойынша мерзімі өткен берешек болған жағдайда кредиттік лимитті ұлғайту;

қарыз алушының қаржы ұйымына берілетін кепіл мүлкі есебінен берешек сомасын өтеу нәтижесінде қарыз бойынша берешекті азайту;

ішкі рейтинг моделіне сәйкес қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауының болуы;

қаржы ұйымы ақша ағындары қарыз алушының қаржы ұйымы алдынған шарттық міндеттемелерін (негізгі борышты және сыйақыны қоса) өтеу үшін жеткіліксіз болады деп болжамдайды;

негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша күнтізбелік 30 (отыз) күннен асатын мерзімге мерзімі өткен берешектің болуы;

қарыз алушыда мерзімі өткен міндеттемелердің болмауы және қаржы ұйымында қарыз алушының қарыз бойынша оған жеңілдік талаптарын бермей

өзінің міндеттемелері бойынша төлем мерзімін бұзуға жол бергені туралы негізделген және расталған ақпарат болса;

қарыз алушының құнсыздану белгілері бар борышының бір бөлігін аудару;

қарыз алушының қаржы ұйымындағы, оның ішінде басқа қаржы ұйымдарындағы қарызы бойынша борыш жүктемесі төмендеген жағдайларды қоспағанда, мерзімі өткен берешекті қайта қаржыландыру;

қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты соңғы қайта құрылымдау немесе қарыз беру сәтінен бастап банктің ішкі құжаттарына сәйкес пайыздық мөлшерлемені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінен (ұлттық валютамен) төмендету;

айналым қаражатын толықтыруға арналған қаржыландыру жағдайларын қоспағанда, кредиттік желінің мөлшерінен 25 (жиырма бес) пайыздан астам мөлшерде кредитті мақсатсыз пайдалану;

қарыз алушыға және (немесе) қарыз алушымен оның берешегін өтеу бойынша шарттық міндеттемелері бар тұлғаларға қатысты Оңалту және банкроттық туралы заңға сәйкес оңалту рәсімдері қолданылады;

нәтижесінде қарыз алушы қаржы ұйымының алдындағы өзінің міндеттемелеріне қызмет көрсету есебінен қарыз алушының активі жоғалған форс-мажор және (немесе) өзге жағдайларда қарыз алушының қайта құрылымдауға өтініш беруі.

Қарызды қайта құрылымдау мынадай жағдайларда мәжбүрлеп жасалған деп табылмайды:

қарыз бойынша есептен шығару, кешіру, төлеу мерзімін кейінге қалдыру, ұзарту, валютаны, өтеу кестесін, сыйақы мөлшерлемесін өзгерту, оның ішінде нарықтық талаптармен сыйақы мөлшерлемесін төмендету нысаналы мемлекеттік бағдарламалардың талаптары шеңберінде жүргізілді;

берешекті ішінара жедел өтеу, бір айдың ішінде жоспарланған төлем күнін (қарыз мерзімін қоса) өзгерту, қарыз мерзімін қысқарту, өтеу әдісін өзгерту, қарыз бойынша базалық көрсеткіштің мөлшерін өзгермелі сыйақы мөлшерлемесімен өзгерту, төлем күнін сол ай шеңберінде кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күнге ауыстыру, егер бұл шарттың мемлекеттік бағдарламалардың талаптарында көзделген болса;

төлем мерзімін кейінге қалдыру Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының тізімдеріне сәйкес су тасқынынан зардап шеккен азаматтардың санатына жатқызылған адамның, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше әкімшілік-аумақтық бірліктерінің аумағында төтенше жағдай енгізу үшін негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен азаматтардың қарызы бойынша жүргізілді.

Болашақ ақша ағындарының таза келтірілген құнын есептеу кезінде мыналар бойынша құнсыздануға тест жүргізілмейді:

кредиттік-құнсызданған қаржы активтері санатына жатқызылған қарыздар бойынша;

банк өзге себептер бойынша осындай қарыздардың құнсыздануы жөнінде шешім қабылдаған қарыздар бойынша;

соңғы қайта құрылымдау немесе қарыз беру уақытынан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің (ұлттық валютада) өзгерісіне сәйкес қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме азайған немесе артқан кезде;

13) негізделген және расталатын ақпарат – кемінде 5 (бес жыл) кезеңдегі өткен оқиғалар, ағымдағы сапалық және сандық көрсеткіштер және болашақтағы экономикалық сапалық және сандық көрсеткіштердің болжамдары туралы ақпаратты қоса алғанда, аса көп шығынсыз немесе күш салмай есепті күнгі жағдай бойынша негізделген түрде қолжетімді болып табылатын ақпарат. Кемінде 5 (бес жыл) кезеңдегі, есепті күнгі жағдай бойынша негізделген түрде қолжетімді болып табылатын ақпарат болмаған кезде қаржы ұйымына неғұрлым қысқа кезеңдегі ақпаратты кейіннен кемінде 5 (бес жыл) кезеңдегі өткен оқиғалар туралы ақпаратты жинақтау шартымен пайдалануына рұқсат етіледі. Жеке қаржы активтері бойынша соңғы 3 (үш жылдағы) не қаржы ұйымы операциялық қызметті 3 (үш жылдан) аз жүзеге асырған жағдайда одан аз кезеңдегі контрагенттің қаржылық жай-күйінің мониторингі негізінде болжамдық ағындарды құруға жол беріледі;

14) провизиялар (резервтер) – қаржы активінің амортизацияланған құны бойынша және басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері бойынша күтілетін және орын алып отырған кредиттік зиян үшін құрылатын бағалау резерві, сондай-ақ міндеттемелердің талаптары бойынша күтілетін кредиттік зиянға қатысты бағалау міндеттемесі;

15) сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активі – бастапқы тану сәтінде құнсыздану туралы растамасы болған, сатып алынған немесе құрылған қаржы активі;

16) уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган;

17) шартты міндеттемелер – бұл өтелмеген, кепілдік берумен шығарылған немесе расталған ықтимал міндеттемелер;

18) ішкі рейтингтік модель – қарыз алушының кредитке қабілеттілігін бағалау моделі;

19) "going-concern" әдісі – қарыз алушы ақша ағындарын құруды жалғастыруы күтілетін "қолданыстағы бизнес" қағидаты негізінде бағалау әдісі (қызметтің үздіксіздігі туралы болжам);

20) "gone-concern" әдісі – қарыз алушының операциялық ақша ағындарын тоқтату және кепілдікті қамтамасыз етуді іске асыру күтілетін кезде "тарату құны" қағидаты негізінде бағалау әдісі (операциялық қызметтен нөлдік ақша ағындары туралы жорамал).

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.06.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру

3. Провизиялар (резервтер) 9 ХҚЕС-ке және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес құрылады.

Қаржы активін бастапқы тану кезінде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын немесе басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активін жіктеу туралы шешім қабылдау үшін қаржы активі бойынша ақша қаражаты ағындарының SPPI (Solely Payments of Principal and Interest) өлшемшартына сәйкестігін, яғни осы қаржы активі шартының талаптарында тек қана негізгі соманы және сыйақы төлеуді білдіретін ақша ағындарының белгіленген мерзімдерде пайда болуы көзделмеген екендігі тұрғысынан бағалау жүргізіледі.

SPPI-тестінің сандық және сапалық өлшемшарттары қаржы ұйымының ішкі құжаттарында белгіленеді (бұдан әрі – SPPI жөніндегі әдістеме).

SPPI әдістемесінде мыналар қамтылады, бірақ олармен шектелмейді:

- 1) SPPI-тесттен өтуді анықтау және өлшемшарттар;
- 2) ақшаның түрлендірілген уақытша құнын бағалау тәсілі;
- 3) қаржы активінің жіктелуіне әсер етпейтін ең төменгі сипаттамаларды (de minimis) айқындау тәсілдері мен өлшемшарттары (шартта көзделген ақша ағындарына әсер ету елеусіз болып табылады);

4) регресс құқығынсыз активтерді айқындау және өлшемшарттар, негізгі борышты және сыйақыны төлеу ретінде сипатталатын, бірақ нақты активтерге немесе ақша ағындарына инвестициялар болып табылатын шартты ақша ағындары. Қарыз беру кезіндегі қарыз алушының меншікті капиталының төмен немесе нөлдік деңгейі, қарыз беру кезіндегі қарыз алушының операциялық қызметінің төмен немесе нөлдік көрсеткіштері, қарыздың инвестициялық

мақсаты, девелопер жобасын қаржыландыру, үшінші тараптың қарызды төлеуінің жоғары ықтималдылығы, басқа компанияның капиталындағы үлеске иелік етуді қаржыландыру, қарызды басқа банкте қайта қаржыландыру, қарыз алушының балансында негізгі бөлікті құрайтын қаржы құралдары осындай активтердің белгілері болып табылады;

Осы тармақшада айқындалған регресс құқығынсыз активтердің белгілері мынадай талаптарға сәйкес келетін инвестициялық қарыздарға қолданылмайды:

қарыз (кредит) мерзімі 3 (үш) және одан да көп жылды құрайды;

қарыз (кредит) шартының талаптарында толық мерзімінен бұрын өтеуге тыйым салу белгіленген. Қарызды ішінара өтеу қарыз алушының бизнес-жоспарында көзделген мерзімдер мен тәртіппен жүзеге асырылады;

қарыз (кредит) заңды тұлғаға материалдық өндірісті, өндірістік және көлік инфрақұрылымын құруға, кеңейтуге және жаңғыртуға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асыруды көздейтін оның бизнес-жоспарына сәйкес беріледі;

5) егер қарыз Қағидалардың осы тармағының 4) тармақшасында көрсетілген белгілерге сәйкес келсе, SPPI-тесттен өту айқындалатын, дефолт тәуекеліне (EAD) ұшыраған талаптар сомасының кепілдік қамтамасыз ету құнына қатынасы ретінде есептелетін кепілмен қамтамасыз етуді жабу коэффициентінің шекті мәндерін (LTV) сақтауға тексеру жүзеге асырылады;

6) міндеттемелердің көп траншты құрылымы кезінде қамтамасыз етудің жеткіліктілігін есептеу тәртібі (кредиттік желі деңгейінде немесе әрбір транш бойынша жеке талдау);

7) Қағидалардың осы тармағының 1), 2, 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында айқындалған ақпаратты бағалайтын SPPI-тест сауалнамасы сондай-ақ SPPI-тесттен өту бойынша шешім қабылдау мақсаттары үшін қаржы активінің мынадай сипаттамаларын (бірақ олармен шектелмей) қамтиды:

валюта және мөлшерлеме түрі;

қарызды мерзімінен бұрын өтеу шарттары (мерзімін ұзарту).

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.12.2024 № 90 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. 9 ХҚЕС-ке және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес құрылған провизиялар (резервтер) бойынша шығыстар Қағидаларға сәйкес уәкілетті органмен келісілген Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесі негізінде айқындалады.

5. Қаржы активтері және шартты міндеттемелер біртекті және жеке болып жіктеледі.

Жеке қаржы активтері бойынша провизиялар (резервтер) әрбір жеке қаржы активі бойынша бөлек есептелінеді.

Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне сәйкес құнсыздану белгілері жоқ жеке қаржы активтері бойынша Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінде белгіленген кредиттік тәуекелдің жалпы сипаттамалары бойынша топтастырылу жүзеге асырылады және провизиялар (резервтер) Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінде белгіленген тәртіпке сәйкес есептелінеді.

Біртекті қаржы активтері, шартты міндеттемелер Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінде айқындалған кредиттік тәуекелдің жалпы сипаттамалары негізінде топтастырылады.

Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесі біртекті белгілері бар қарыздардың негізделген және статистикалық тұрғыдан расталған саралауды (статистика жеткілікті болмаған кезде, саралаудың сараптамалық негіздемесіне жол береді), сондай-ақ:

1) біртекті белгілері бар қарыздарды саралау үшін пайдаланылатын өлшемшарттар тізімін (өнім түрі, өтеуге дейінгі мерзім, сала және басқа да өлшемшарттар);

2) біртекті белгілері бар қарыздарды саралауды статистикалық тұрғыдан талдауға тәсілдер сипатын (оның ішінде біртектілікті, статистиканың жеткіліктілігін талдау және басқа да құрауыштар), сондай-ақ сараптамалық тәсілді қолдану кезінде сараптамалық тәсіл негізінде саралаудың сипаты мен негіздемесін;

3) әрбір өлшемшарт бойынша шекті мәндерді таңдау өлшемшарттарын;

4) портфельді одан әрі саралауды қажет етпейтін талаптарды (бұл қолданылатын жағдайлар үшін) қамтиды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.12.2021 № 110 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Кредиттік тәуекелдің өзгеруіне және қаржы активтері бойынша құнсыздану белгілерінің болуына байланысты провизиялар (резервтер):

1) Қағидалардың 8-тармағына сәйкес он екі айлық күтулі кредиттік зиянға тең сомада;

2) Қағидалардың 9-тармағына сәйкес қаржы активі бойынша бүкіл мерзімге күтулі кредиттік зиянға тең сомада;

3) Қағидалардың 14-тармағына сәйкес қолда бар кредиттік зиянға тең сомада қалыптастырылады.

7. Қаржы активін, шартты міндеттемені бастапқы тану кезінде және бағалау күні (бірақ тоқсан сайын кемінде бір рет) жеке қаржы активтері, шартты

міндеттемелер ретінде жіктелген қаржы активтері, шартты міндеттемелер бойынша жеке негізде және біртекті қаржы активтері, шартты міндеттемелер ретінде жіктелген қаржы активтері, шартты міндеттемелер бойынша топтастырылған негізде қаржы активінің, шартты міндеттеменің қолданылуының күтулі мерзімі ішінде дефолттың басталу тәуекелі айқындалады.

8. Егер есепті күнгі жағдай бойынша Қағидалардың 7-тармағын ескере отырып есептелген қаржы активі, шартты міндеттеме бойынша кредиттік тәуекел бастапқы тану сәтінен бастап айтарлықтай ұлғаймаса, қаржы ұйымы осы қаржы активі, шартты міндеттеме бойынша провизиялардың (резервтердің) мөлшерін есепті күннен бастап он екі айлық күтулі кредиттік зиянға тең сомада бағалайды.

9. Есепті күнгі жағдай бойынша қаржы ұйымы, егер Қағидалардың 7-тармағын ескере отырып есептелген дефолттың басталу тәуекелін қамтитын кредиттік тәуекел осы қаржы активі, шартты міндеттеме бойынша бастапқы тану сәтінен бастап айтарлықтай ұлғайса, қаржы активі, шартты міндеттеме бойынша провизиялардың (резервтердің) мөлшерін бүкіл мерзім үшін күтулі кредиттік зиянға тең сомада бағалайды.

10. Кредиттік тәуекелдің ұлғаюы мынадай түрде айқындалады:

1) Қағидалардың 7-тармағына сәйкес есептелген қаржы активі бойынша дефолттың басталу тәуекелін бастапқы тану күнгі дефолттың басталу тәуекелімен салыстыру арқылы қаржы активінің күтулі қолданылу мерзімі ішінде дефолттың басталу тәуекелінің өзгеруі бағаланады;

2) шамадан тыс шығындар мен күштерсіз қолжетімді дәлелді және расталған ақпарат талданады, ол бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюын көрсетеді.

Жеке қаржы активі бойынша кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы төменде аталған бір немесе бірнеше жағдайдың басталуы болып табылады:

қарыз алушыда (қоса қарыз алушыда) банктің ішкі әдістемесіне (ішкі модельдеріне) сәйкес кредиттік тәуекелдің ұлғаюына сәйкес келетін ішкі рейтингтің (баллдың) болуы;

есепті күнге қаржы активінің қолданылу мерзімі ішінде дефолт ықтималдығы (PD) бастапқы тану кезінде оның мәнінен расталған статистикалық деректер негізінде қаржы ұйымы айқындаған мөлшерде (бірақ ХҚЕС 9 енгізілген күннен ерте емес), ал статистикалық деректер болмаған жағдайда – кемінде 200 (екі жүз) пайызға асып түседі. Кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюын бағалау үшін Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінің немесе ішкі рейтингтік модельдің айтарлықтай өзгеру жағдайларын қоспағанда, 12 (он екі) ай ішінде 5 (бес) пайыздан асатын дефолт ықтималдығы бар кредиттер ескеріледі. Кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюын бағалау үшін провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесі немесе ішкі рейтингтік модель айтарлықтай өзгерген жағдайда 12 (он

екі) ай ішінде 10 (он) пайыздан асатын дефолт ықтималдығы бар қарыздар ескеріледі;

қаржы ұйымы қаржы ұйымының расталған статистикасы негізінде айқындалған, статистика болмаған жағдайда, егер дефолттың он екі айлық ықтималдығының абсолюттік мәні 20 (жиырма) пайыздан асатын болса, дефолттың абсолюттік ықтималдығының шекті мәнін белгілейді;

негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күннен асатын мерзімі өткен берешектің болуы;

белгілі бір қаржы активі немесе қолданылуының осындай күтілетін мерзімі бар ұқсас қаржы активтері үшін кредиттік тәуекелдің сыртқы нарықтық көрсеткіштерінің айтарлықтай өзгеруі;

контрагент үшін шартта көзделген жоспарлы төлемдерді жүзеге асыруға экономикалық ынталандыруды ұсынатын міндеттеме немесе кепілдіктер немесе тетіктер сапасы бойынша қамтамасыз ету құнының айтарлықтай өзгеруі, олар контрагент үшін шартта көзделген жоспарлы төлемдерді жүзеге асыруға экономикалық ынталандыруды азайтады немесе өзгеше түрде дефолттың туындау ықтималдығына әсер етеді;

9 ХҚЕС-ке сәйкес келетін және Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінде көзделген кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюының өзге де белгілері.

Төменде аталған бір немесе бірнеше жағдайдың басталуы біртекті қаржы активтері бойынша кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы болып табылады:

есепті күнге қаржы активінің қолданылу мерзімі ішінде дефолт ықтималдығы (PD) бастапқы тану кезінде оның мәнінен расталған статистикалық деректер негізінде қаржы ұйымы айқындаған мөлшерде (бірақ ХҚЕС 9 енгізу күнінен ерте емес), ал статистикалық деректер болмаған жағдайда – кемінде 200 (екі жүз) пайызға асып түседі. Кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюын бағалау үшін Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінің айтарлықтай өзгеру жағдайларын қоспағанда, 12 (он екі) ай ішінде 5 (бес) пайыздан асатын дефолт ықтималдығы бар қарыздар ескеріледі. Кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюын бағалау үшін Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесі немесе ішкі рейтингтік модель айтарлықтай өзгерген жағдайда 12 (он екі) ай ішінде 10 (он) пайыздан асатын дефолт ықтималдығы бар қарыздар ескеріледі;

қаржы ұйымы меншікті расталған статистика негізінде айқындалған, статистика болмаған жағдайда, дефолттың он екі айлық ықтималдығының абсолюттік мәні 20 (жиырма) пайыздан асатын болса, дефолттың абсолюттік ықтималдығының шекті мәнін белгілейді;

негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күннен асатын мерзімі өткен берешектің болуы;

9 ХҚЕС-ке сәйкес келетін және Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінде көзделген кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюының өзге де белгілері.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.12.2021 № 110 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Қаржы активі (қаржы активтері) бойынша күтілетін кредиттік зиян кредиттік зиянды бағалау мүмкіндігін ескере отырып сараланған, яғни қаржы активінің (қаржы активтерінің) бүкіл күтілетін қолданыс мерзімі ішінде барлық толық алынбаған ақшаның келтірілген құны болып табылады.

Қаржы активі (қаржы активтері) бойынша күтілетін кредиттік зиян Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес күтілетін кредиттік зиянды есептеу формуласы бойынша есептеледі және төмендегілерді:

1) ықтимал нәтижелердің диапазонын бағалау арқылы белгіленген, ықтималдығы ескерілген бейтарап және сараланған соманы;

2) ақшаның уақытша құнын;

3) шамадан тыс шығындарсыз немесе күш-жігерсіз есепті күнде қолжетімді болатын болжамды макроэкономикалық ақпаратты қоса алғанда, өткен оқиғалар, ағымдағы сапалы және сандық көрсеткіштер және болашақ экономикалық сапалы және сандық көрсеткіштердің болжамы туралы негізделген және расталған ақпаратты көрсететін тәсілмен бағаланады.

Қаржы ұйымының Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес күтілетін кредиттік зиянды есептеу формуласында көзделген көрсеткіштер Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне сәйкес осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінің талаптарына сәйкес келген жағдайда күтілетін кредиттік зиянды есептеу формуласын өзгертуіне және (немесе) толықтыруына жол беріледі.

Қарызды қайта құрылымдау және мәжбүрлі қайта құрылымдау фактісімен, қарыз бойынша мерзімін өткізіп алу күндерінің санымен қоса, бірақ онымен шектелмей, дефолт ықтималдығына (PD) әсер ететін сандық және сапалық факторлар Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінде айқындалады.

Қағидаларда, Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінде және 9 ХҚЕС-те белгіленген құнсыздануды объективті растау болып табылатын оқиғаларға сәйкес дефолт басталған жағдайда дефолт ықтималдығы (PD) 1-ге тең болып қабылданады.

Дефолт (LGD) жағдайында шығындар деңгейін бағалау кезінде жаңа қарыз беру есебінен қарызды қайта қаржыландыру, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде алынған қарыздар қарызды өтеу ретінде есепке алынбайды.

LGD бағалау кезінде қаржы ұйымы мыналарды ескереді:

1) шектеу факторларына (меншік құқығын үшінші тұлғаларға беру және басқа да факторлар) байланысты кепіл мүлкін өндіріп алудың мүмкін болмау ықтималдығы және (немесе) өндіріп алуды қолданғаннан кейін кепіл мүлкін сатудың мүмкін болмау ықтималдығы (кепіл мүлкінің қолайсыз сипаттамалары және басқа да факторлар);

2) Қағидалардың 17-тармағына сәйкес өтімділік коэффициенттері не өткізудің нақты және бағаланған құны, өткізу мерзімі мен шығындары туралы тарихи деректер негізінде статистикалық талдауды пайдалана отырып бағаланған өтімділік коэффициенттері;

3) қосымша дисконттарды қолданудың өзге жағдайлары;

4) дисконтталған ақшалай қайтарымдарды есептеу;

5) осы мүлік қайтарымдылығын қамтамасыз ету болып табылатын кепіл мүлкі құнының және қарыз алушы берешегінің арақатынасы;

6) кепіл мүлкін өндіріп алу немесе сату мүмкіндігінің болмауының белгісі болып табылатын кепіл мүлкі болған кезде берешекті толық есептен шығару фактісі;

7) заңды тұлғаларға қарыз бойынша LTV бағаланатын сегменттің LTV-мен салыстырғанда айтарлықтай ауытқуының болуы;

8) кепіл мүлкі болған кезде берешекті толық есептен шығару фактісі кепіл мүлкін өндіріп алу немесе сату мүмкіндігінің болмауының және қайтару деңгейі негізінде LGD қайта бағалау қажеттілігінің белгісі болып табылады;

9) кепіл мүлкін өндіріп алу немесе сату мүмкіндігінің болмауының белгісі болып табылатын кепіл мүлкі болған кезде берешекті есептен шығару деңгейі бойынша негізделген шекті мәндер, бұл қайтару деңгейі негізінде жеке негізде LGD қайта бағалау қажеттілігіне алып келеді.

Дефолт тәуекеліне ұшырайтын талаптар (EAD) есептелген сыйақыны ескере отырып, баланстық міндеттемелерді және кредиттік конверсияның тиісті коэффициентін қолдана отырып, баланстан тыс міндеттемелерді ескереді.

Банктің болашақта қарыздар мен салымдарды EAD есептеу мақсаттары үшін орналастыруы бойынша ықтимал (шартты) міндеттемелер бойынша кредиттік конверсия коэффициенті қаржы ұйымының тарихи деректері негізінде айқындалады. Өзге жағдайларда кредиттік желілер бойынша кредиттік конверсия коэффициенті 1-ді құрайды. 3 (үш) жылдан кем емес кезеңдегі статистикамен расталған қаржы институтымен тиісті түрде бақыланатын, қайтырып алуға құқығы бар кредиттік лимитінің пайдаланылмаған бөлігі үшін кредиттік конверсия коэффициенті 0-ді құрайды. Мерзімі өткен берешекті толық өтегенге дейін (15 (он бес) күнтізбелік күннен астам) лимитті автоматты түрде бұғаттау мүмкіндігі болған кезде кредиттік конверсия коэффициенті 0-ді құрайды.

Банктің болашақта қарыздар мен салымдарды орналастыруы бойынша ықтимал (шартты) міндеттемелер бойынша кредиттік конверсия коэффициенті, егер әрбір жеке траншты ресімдеу кезінде банк қарыз алушының қаржылық жай-күйінің өзекті мониторингінің болуын ескере отырып, ішкі және сыртқы ақпарат көздерін тексеру жолымен кредиттік тәуекелдің, кредиттік құнсызданудың айтарлықтай ұлғаю белгілерінің жоқтығын растаса, 0-ді құрайды.

Қаржы ұйымы талдамалық және статистикалық есептермен бекітілген макроэкономикалық факторлардың өзгеруінің негізделген сценарийлерін айқындайды және оларды күтілетін кредиттік шығындарды бағалау кезінде ескереді.

Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінде макроэкономикалық сценарийлер мен көрсеткіштерді есептеудің жалпы тәсілдері, сондай-ақ макроэкономикалық сценарийлерді әзірлеу және бекіту кезеңдері қамтылады.

Макроэкономикалық сценарийлер мен көрсеткіштер есептерінің егжей-тегжейлі сипаттамасы банктің ішкі құжаттарында қамтылған.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.10.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Қаржы активі (қаржы активтері) бойынша кредиттік зиян шартта көзделген қаржы ұйымына шарт бойынша тиесілі ақша ағындары мен қаржы ұйымы алуды күтіп отырған ақша ағындары арасындағы келтірілген соманы білдіреді.

13. Он екі айлық күтілетін кредиттік зиян Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес он екі айлық күтілетін кредиттік зиянды есептеу формуласы бойынша есептеледі және бүкіл мерзімі ішіндегі күтілетін кредиттік зиянның бір бөлігі болып табылады және осындай дефолттың болу ықтималдығын ескере отырып сараланған, дефолт есепті күннен кейін он екі ай ішінде (не егер қаржы активінің күтілетін қолданыс мерзімі он екі айдан кем болса, неғұрлым қысқа кезең ішінде) болған кезде орын алатын ақшаны толық алмауды білдіреді.

Қаржы ұйымының Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес он екі айлық күтілетін кредиттік зиянды есептеу формуласында көзделген көрсеткіштер Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне сәйкес осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптарына сәйкес келген жағдайда он екі айлық күтілетін кредиттік зиянды есептеу формуласын өзгертуіне және (немесе) толықтыруына жол береді.

14. Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активі болып табылмайтын, есепті күндегі жағдай бойынша қолда бар кредиттік зиян қаржы активінің жалпы баланстық құны мен қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған болашақ ақша ағындарының келтірілген құны арасындағы айырма ретінде және қаржы

ұйымының ішкі құжаттарында айқындалған сценарийлерде "going-concern" әдісі мен "gone-concern" әдісі бойынша орташа алынған нәтиженің ықтималдығы ескеріле отырып бағаланады.

"Going-concern" әдісі және "gone-concern" әдісі бойынша сценарийлер мен нәтиженің ықтималдығын айқындауға, "going-concern" әдісі және "gone-concern" әдісі бойынша келтірілген ағындарды есептеуге қойылатын талаптар Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінде белгіленеді.

Болашақ ақша ағындарының келтірілген құны және болашақ ақша ағындарының таза келтірілген құны Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес болашақ ақша ағындарының келтірілген құнының формуласы немесе болашақ ақша ағындарының таза келтірілген құнының формуласы бойынша есептеледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.06.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Кредиттік-құнсызданған қаржы активі контрагенттің провизияларды (резервтерді) қалыптастыру күніне қаржы активінің жалпы баланстық құнын қаржы активінің кредиттік-құнсызданған қаржы активтері санатына көшу сәтіндегі берешек сомасына тең немесе одан төмен деңгейге дейін төмендетуге әкеп соғатын кемінде 12 (он екі) ай кезең үшін берешекті өтеген жағдайда және бағалау күніне Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінде белгіленген қаржы активінің құнсыздану белгілері негізінде құнсыздануды объективті растау болып табылатын оқиғалар болмаған жағдайда, кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаю белгілері бар қаржы активтері санатына өтеді.

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаю белгілері бар қаржы активі контрагенттің провизияларды (резервтерді) қалыптастыру күніне қаржы активінің жалпы баланстық құнын кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаю белгілері бар және қалыптастыру күніне кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы провизияларының (резервтерінің) болмауы белгілері бар қаржы активтері санатына көшу сәтіндегі берешек сомасына тең немесе одан төмен деңгейге дейін төмендетуге әкеп соғатын берешекті өтеген жағдайда Қағидалардың 8-тармағына сәйкес олар бойынша күтілетін он екі айлық кредиттік зиянға тең сомада қалыптастырылатын қаржы активтері санатына өтеді.

Құнсыздану сатылары арасындағы қарыздың ауысу (қайта сыныптау) талаптары мынадай талаптардың біреуін немесе бірнешеуін қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) оның ішінде қарыз алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауы байқалмайтын мәжбүрлі қайта құрылымдау берілген күннен басталатын кезең қаржы ұйымының ішкі құжатында айқындалады және кемінде 12 (он екі) айды құрайды. Ұжымдық негізде бағаланатын жеке тұлғаларға берілген қарыздар

бойынша жетінші төлемнен бастап мерзімін өткізіп алуға шығу серпінінің тұрақтанғанын растайтын, жеке тұлғаларға берілген қайта құрылымдалған қарыздарды өтеудің тарихи статистикасы болған кезде кемінде 6 (алты) ай кезеңін пайдалануға рұқсат етіледі. Қағидалардың 16-тармағында айқындалған құнсыздануды объективті растау болып табылатын өзге оқиғалар бойынша – кредиттік құнсыздану сатысының нашарлауына әкеп соққан осы оқиға алып тасталған кезден бастап;

2) құнсыздану кезеңі өзгермейтін жағдайлар (төлемдердің едәуір кейінге қалдырылуы және басқа да жағдайлар);

3) кредиттік құнсызданудан кейін қарыз алушы енгізген төлемдердің жалпы сомасы бұрын мерзімі өткен берешектің мөлшерінен көп немесе тең болады;

4) құнсыздану сатысын жақсарту үшін талап етілетін өзге де талаптар.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.12.2021 № 110 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Жеке қаржы активі бойынша құнсызданудың объективті растамасы болып табылатын мынадай бір немесе бірнеше оқиғаның болуы бағаланады:

1) қарыз алушының айтарлықтай қаржылық қиындықтары:

Жеке тұлғалар үшін:

қарыз алушыда (қоса қарыз алушыда) қаржы ұйымының ішкі әдістемесіне (ішкі модельдеріне) сәйкес құнсыздану деңгейіне сәйкес келетін ішкі рейтингтің (баллдың) болуы;

қарыз алушының (қоса қарыз алушының) кірістері немесе төлем қабілеттілігі деңгейінің едәуір нашарлауы және (немесе) міндеттемелерді өтеу үшін кірістердің жеткіліксіздігі;

еңбек немесе коммерциялық қызметінің болмауы;

қарыз алушыға (қоса қарыз алушыға) материалдық зиян келтірген немесе оған өзге коммерциялық қызметті жалғастыруға мүмкіндік бермейтін факторлардың болуы;

қарыз алушының қайтыс болуы;

кредиттік досьенің болмауы.

Занды тұлғалар үшін:

қарыз алушыда (қоса қарыз алушыда) банктің ішкі әдістемесіне (ішкі модельдеріне) сәйкес құнсыздану деңгейіне сәйкес келетін ішкі рейтингтің (баллдың) болуы;

төменде атап көрсетілген екі және одан да көп жағдайлар басталған кезде қаржылық есептілікті, ақша қаражатының қозғалысы бойынша үзінді

көшірмелерді, мониторингтік есептерді және жалпыға қолжетімді көздерден алынған өзге де ақпаратты талдау кезінде анықталған қарыз алушының елеулі қаржылық қиындықтары туралы негізделген және расталатын ақпараттың болуы:

теріс меншікті капитал;

соңғы 12 (он екі) айда меншікті капиталдың 50 (елу) пайыздан астам азаюы;

соңғы 12 (он екі) айда түсімнің 30 (отыз) пайыздан астам төмендеуі.

2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап қоса алғанда 2023 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде соңғы 12 (он екі) айда түсімнің 50 (елу) пайыздан астам төмендеуі;

соңғы 12 (он екі) айда ірі клиентті жоғалту және алыстырудың болмауы;

міндеттемелердің активтерге арақатынасы 0,8-ден астамды құрайды. Бұл коэффициент "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 1-1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес қызметін жүзеге асыратын микроқаржы ұйымдары болып табылатын қарыз алушыларға қолданылмайды;

пайыздар бойынша шығыстарға EBIT (пайыздар мен салықтар шегерілгенге дейінгі пайда) қатынасы ретінде есептелетін пайыздарды өтеу коэффициенті 1,5-тен кем болады;

ағымдағы активтердің ағымдағы міндеттемелерге қатынасы ретінде есептелетін ағымдағы өтімділіктің орташа жылдық коэффициенті соңғы 12 (он екі) айда 1-ден кем болады.

2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап қоса алғанда 2023 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде ағымдағы активтердің ағымдағы міндеттемелерге қатынасы ретінде есептелетін ағымдағы өтімділіктің орташа жылдық коэффициенті соңғы 12 (он екі) айда 0,8-ден кем болады;

соңғы 12 (он екі) айдағы ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке сәйкес теріс орташа жылдық ақша операциялық ағыны;

форс-мажорлық мән-жайлардың, сондай-ақ қарыз алушыға (қоса қарыз алушыға) материалдық залал келтірген, бірақ оның қызметін тоқтатуға әкеп соқпаған өзге де мән-жайлардың болуы;

жаңа қол қойылған қаржылық есептіліктің болмауы (провизияларды есептеуге дейін 6 (алты) айдан ерте емес күнге);

кредиттік досьенің болмауы;

Инвестициялық саты кезеңінде Қағидалардың 3-тармағының 4) тармақшасының екінші бөлігінде көзделген талаптарға сәйкес келетін инвестициялық қарыздарға қатысты инвестициялық қарыздар бойынша құнсызданудың объективті растамасы болып табылатын мынадай:

инвестициялық жобаны іске асыру мерзімдерінің бизнес-жоспардан 6 (алты) айдан астам артта қалуы болған;

инвестициялық жоба бойынша нақты ағындар қарыз алушының бизнес-жоспарында көзделген ағындардан 30 (отыз) пайыздан астам төмен болған;

қарыз алушының (кепілгердің, қоса қарыз алушының) қарыз шарты бойынша төлем мерзімін бұзудың жоғары тәуекелі туралы объективті ақпарат болған оқиғалар;

инвестициялық жобаны іске асыруда тәуекелге әкеліп соғатын форс-мажорлық мән-жайлар танылады;

2) шарт талаптарын бұзу, оның ішінде:

негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша мерзімі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен асатын мерзімі өткен берешектің болуы;

айналым қаражатын толықтыруға арналған қаржыландыру жағдайларын қоспағанда, кредиттік желі мөлшерінің 25 (жиырма бес) пайызынан астам қарызды мақсатсыз пайдалану;

3) соңғы 12 (он екі) айдағы қарызды мәжбүрлі қайта құрылымдау;

4) қарыз алушының банкроттығы немесе өзге де қаржылық қайта ұйымдастырылуы ықтималдығының пайда болуы;

қарыз алушының банкроттық туралы өтініш беруі;

қарыз алушының төлем қабілетсіздігі басталған жағдайда оның берешегін өтеу бойынша қарыз алушымен оның берешегін өтеу бойынша шарттық міндеттемелері бар тұлғалар тобының шоғырландырылған қаржылық есептілігі активтерінің 10 (он) пайызынан астам активтерімен қарыз алушының берешегін өтеу бойынша шарттық міндеттемелері бар заңды тұлғаның қарыз алушының төлем қабілетсіздігі басталған жағдайда банкроттық туралы өтініш беруі;

5) Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінде белгіленген өзге жағдайлар;

Қаржы ұйымы бір мезгілде мынадай талаптарды орындаған кезде қаржы активтерінің өзге санатына құнсыздану белгілері бар жеке қаржы активін айқындайды:

қаржы ұйымының ішкі құжаттарына сәйкес негізделген дәлелдер мен тиісті есеп айырысуларды көрсете отырып, қаржы ұйымының тәуекелдерді басқару бөлімшесінің жеке қаржы активін кредиттік-құнсызданған қаржы активтері санатына енгізбеу жөніндегі қорытындысының болуы;

қаржыландыру туралы шешім қабылдаған қаржы ұйымының уәкілетті алқалы органының жеке қаржы активінің кредиттік-құнсызданған қаржы активтері санатына жатқызылмауы жөніндегі шешімінің болуы;

қаржы активтерінің өзге санатына жатқызылуы тиіс, құнсыздану белгілері бар жеке қаржы активтерінің жиынтық жалпы баланстық құны қаржы ұйымының меншікті капиталының 5 (бес) пайызынан аспайды.

Рейтингтік бағалаудың үлгісін жасау саласындағы халықаралық ұйымдардың (сарапшылардың) не (немесе) олардың мамандандырылған бөлімшелерінің қатысуымен әзірленген және тестілеуден өткен немесе Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "А"-тен төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бас қаржы ұйымымен әзірлеген ішкі рейтинг үлгісі болған кезде, қаржы ұйымы қарыз алушының айтарлықтай қаржылық қиындықтарының бар екендігін анықтау мақсаты үшін ішкі рейтингті пайдаланады.

Рейтингтік бағалаудың үлгісін жасау саласындағы халықаралық ұйымдар (сарапшылар) мыналар болып табылады:

Standard & Poor's Financial Services LLC (Стандард энд Пурс Файнэншл Сервисез);

Fitch Ratings Inc. (Фич Рейтингс);

Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис);

Oliver Wyman (Оливер Вайман);

Boston Consulting Group (Бостон консалтинг групп);

McKinsey & Company (Маккинзи энд компани);

Fair, Isaac and Company (FICO) (Фэйр, Исаак энд Компани);

Experian plc. (Экспириан);

Deloitte Touche Tohmatsu Limited (Делойт Туш Томацу Лимитед);

Ernst & Young Global Limited (Эрнст энд Янг Глобал Лимитед);

KPMG (КиПиЭмДжи);

PricewaterhouseCoopers International Limited (ПрайсуотерхаусКуперс Интернэшнл Лимитед).

Рейтингтік модельдердің кемсітушілік қабілетін зерттеу үшін келесі статистикалық құралдардың бірі қолданылады:

GINI-index (Джини-индекс);

AUC (Area Under the Curve - "қисықпен көрсетілген алаң");

Kendall Tau's (Кендалл Тау);

басқа статистикалық әдістер.

Рейтингтік модель жарамды және келесі өлшемшарттар сақталған кезде пайдалануға рұқсат етіледі:

статистикалық өлшемшарттар келесі мәндердің бірін қабылдаған кезде жақсы кемсітушілік қабілетке ие болады: AUC қисығы > 70 (жетпіс) пайыз, GINI-index > 40 (қырық) пайыз, Kendall Tau 's > 60 (алпыс) пайыз;

модельді құру үшін пайдаланылатын статистикалық деректердің маңыздылығы кемінде 3 (үш) жылды құрайды;

сандық көрсеткіштердің салмағы кемінде 40 (қырық) пайызды құрайды.

Валидацияны қаржы ұйымының тәуелсіз бөлімшесі не тәуелсіз үшінші тарапты тарта отырып, 2 (екі) жылда кемінде 1 (бір) рет жүзеге асырады.

Рейтингтік модельді валидациялауға жауапты тәуелсіз бөлімше мынадай талаптарға сәйкес келеді:

бөлімше модель құралдарын әзірлеуге және қолдауға, сондай-ақ кредиттік тәуекел процестері мен рәсімдерін өңдеуге арналған басқа функцияларға тәуелсіз ;

бөлімше рейтингтер беруге және кредиттеуге қатысатын тұлғаларға тәуелсіз;

бөлімше рейтингтер беруге және кредит беруге жауапты тұлғаларға есеп бермейді;

бөлімше ішкі аудит қызметіне тәуелсіз.

Рейтингтік модель валидациясына қатысушылар мынадай талаптарға сәйкес келеді:

статистика, математика, деректер туралы ғылым немесе онымен байланысты сандық салаларда магистр дәрежесінің (немесе баламасының) болуы;

4 (төрт) жылдан астам қаржы қызметтерінде модельдерді әзірлеу мен тексеру тәжірибесінің болуы;

деректерді өңдеу және талдау құралдарымен және статистикалық құралдармен жұмыс істеудің 4 (төрт) жылдан астам практикалық тәжірибесінің болуы;

4 (төрт) жылдан астам статистикалық талдау, деректердің үлкен көлемін өңдеу және үрдістерді талдау тәжірибесінің болуы.

Толық негіздемелер берілген валидация нәтижелері қаржы ұйымының немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң басқару органына (Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы үшін) ұсынылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттiгi Басқармасының 27.12.2024 № 90 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Күтілетін кредиттік залалдарды есептеу кезінде қаржы ұйымы кепіл мүлкін кемінде екі жыл кезең ішінде өткізу туралы расталатын ақпаратты ескереді. Күтілетін кредиттік залалдарды есептеу үшін кепіл мүлкін өткізу туралы расталатын ақпарат болмаған кезде қаржы ұйымы қамтамасыз ету құнына өтімділік коэффициенттерін мынадай тәртіппен қолданады:

1) тұрғын үй және (немесе) коммерциялық жылжымайтын мүлік түріндегі қамтамасыз ету, оның ішінде жер учаскелері – 0,7;

2) жүк көлік құралдары түріндегі қамтамасыз ету – 0,5;

3) жеңіл көлік құралдары түріндегі қамтамасыз ету – 0,6;

4) жабдық түріндегі қамтамасыз ету – 0,55;

5) тауар-материалдық құндылықтар, сатуға дайын өнім түріндегі қамтамасыз ету – 0,4;

6) екінші деңгейдегі банк не Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) рейтингтік агенттігінің Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінен төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар заңды тұлға не квазимемлекеттік сектор субъектісі берген кепілдіктерді қоспағанда, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың кепілдіктері түріндегі қамтамасыз ету – 0;

7) мүлік түріндегі, оның ішінде болашақта түсетін ақша түріндегі қамтамасыз ету – 0;

8) талаптары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген) "Пруденциалдық нормативтер мен өзге де сақталуы міндетті нормалар мен лимиттерді, банк капиталының мөлшерін және ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен лимиттерін есептеудің нормативтік мәндері мен әдістемелерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысында (бұдан әрі – № 170 қаулы) көзделген банктік қарыз шарты бойынша кепіл болып табылатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша инвестициялық шығындардың өтемақысын есептеуге арналған шотқа аударылатын ақшалай түсімдер бойынша мемлекеттік әріптеске қойылатын талаптардың құқықтарын болашақта офтейк-келісімшарты бойынша түсетін ақша түріндегі қамтамасыз ету – 0,5;

9) өтімділігі жоғары бағалы қағаздар түріндегі қамтамасыз ету – 0,95;

10) екінші деңгейдегі банк, Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) рейтингтік агенттігінің Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінен төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар заңды тұлға; квазимемлекеттік сектор субъектісі берген кепілдіктер түріндегі қамтамасыз ету – 1;

11) ақша түріндегі қамтамасыз ету – 1;

12) экспортты қолдау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұлттық компаниямен жасалған және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігі бар сақтандыру төлемі бойынша міндеттемелерді сөзсіз және қайтарып алынбайтын орындау туралы тармақтары бар сақтандыру шарттары түріндегі қамтамасыз ету – 1;

13) талаптары № 170 қаулыда көзделген астық қолхаттары бойынша талаптар құқықтары түрінде қамтамасыз ету – 0,5.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілмеген, олар бойынша екі жылдан кем емес кезеңде кепіл мүлкін сату туралы растайтын ақпарат жоқ қамтамасыз

етудің өзге де түрлері бойынша қаржы ұйымының күтілетін кредиттік шығындарды есептеу кезінде Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінде көзделген қамтамасыз ету құнына өтімділік коэффициенттерін, бірақ 0,5-тен аспайтын мөлшерде қолдануға рұқсат беріледі. Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінде көзделмеген қамтамасыз ету түрлері бойынша нөлге тең өтімділік коэффициенті қолданылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.06.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Шартты міндеттемелер бойынша күтілетін кредиттік шығындар қаржы ұйымы қаржы құралын ұстаушыдан, борышкерден не кез келген басқа тараптан алуды күтетін сомаларды шегергенде, қаржы құралын ұстаушы көтеретін кредиттік шығындарды оған өтейтін күтілетін төлемдерді білдіреді. Бұл тармақ активтері жеке негізде бағаланатын қарсы агенттердің шартты міндеттемелеріне қатысты қолданылады.

19. Есепті күні сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активі (қаржы активтері) бойынша қаржы ұйымы шығынға бағалау резерві ретінде тек барлық мерзімге күтілетін кредиттік шығындардың өзгерістерін бастапқы кезде таныған сәттен бастап жинақталғандарын ғана таниды.

Мерзімі үш жылдан асатын және өтелуі бір мезгілде негізгі борыштың 50%-нан (елу пайызынан) астам және сыйақының 50%-нан (елу пайызынан) астам қарыздар қарыздың соңғы жылы жүзеге асырылып, сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активтеріне жатады. Мұндай қарыздар өзара байланысты тараптардың не өзара байланысты тараптардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғалардың пайдасына берілген қаржы активі ретінде танылады.

20. Қарыздар бойынша провизиялардың (резервтердің) сомаларын анықтау қорытындысы бойынша салық кезеңінің соңында корпоративтік табыс салығы бойынша қаржы ұйымы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша провизиялардың (резервтердің) мөлшері жөніндегі тіркелімді жылына бір реттен көп емес толтырады.

Салық кезеңі ішінде корпоративтік табыс салығы бойынша қаржы ұйымы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша провизиялардың (резервтердің) мөлшері жөніндегі тіркелімді электрондық түрде толтырады және сақтайды және мемлекеттік органдардың сұратуы бойынша қағаз және электрондық тасымалдағыштарда ұсынады.

21. Қаржы ұйымы әрбір есепті күні қаржы активі және шартты міндеттеме бойынша провизиялардың (резервтердің) мөлшерін бағалайды.

22. Есепті күні есептелген Қағидаларға сәйкес құрылған провизиялар (резервтер) мөлшерін қаржы ұйымы әрбір айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей бухгалтерлік есепте және қаржылық есептілікте көрсетеді.

23. Кредиттік-құнсызданған қаржы активтерінің санатына жатқызылған қаржы активтері және 9 ХҚЕС-ке бастапқы өткен кезде кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы орын алған қаржы активтері бойынша Қағидаларға сәйкес құрылатын провизиялардың (резервтердің) жиынтық мөлшері 39 "Қаржы құралдары: тану және өлшеу" халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес осы қаржы активтері бойынша провизиялардың (резервтердің) жиынтық деңгейінен асады немесе оған тең болады.

3-тарау. Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесі

24. Қаржы ұйымы Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесін Қағидаларға сәйкес әзірлейді.

Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесін, сондай-ақ Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне енгізілетін өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды қаржы ұйымының немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы үшін) атқарушы органы бекітеді.

Банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензияны Қағидалар қолданысқа енгізілген күннен кейін алған қаржы ұйымдары банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алған күннен бастап бір ай ішінде Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесін әзірлейді және бекітеді.

Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 11.02.2021 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

25. Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне мыналар кіреді:

1) қаржы ұйымының провизиялардың (резервтердің) мөлшерін айқындау барысына қатысатын құрылымдық бөлімшелерінің, олардың функционалдық міндеттері сипаттала отырып, сондай-ақ қаржы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-әрекет етуі бизнес-процестерінің тізбесі;

2) қаржы активінің құнсыздану, оның ішінде төтенше жағдай және (немесе) өзге де жағдайлар салдарынан қарсы агентке келтірілген айтарлықтай материалдық зиянды айқындайтын белгілерінің нақты тізбесі;

3) қаржы активтерін, шартты міндеттемелерді жеке қаржы активтеріне, шартты міндеттемелерге жатқызудың қаржы ұйымы белгілейтін өлшемшарттары және оларды айқындау және есеп айырысуларын белгілеу тәртібінің толық сипаттамасы;

4) қаржы активтерін, шартты міндеттемелерді кредиттік тәуекелдің жалпы сипаттамалары бойынша топтастыру өлшемшарттары;

5) біртекті және жеке қаржы активтері, қамтамасыз етілген, сол сияқты қамтамасыз етілмеген шартты міндеттемелер бойынша провизиялар (резервтер) мөлшерін айқындаудың, оның ішінде дисконтымен қарыз сатудың маңыздылығы айқындалған дефолт ықтималдығын есептеудің егжей-тегжейлі тәртібі, дефолт болған жағдайда залал деңгейінің, тәуекелге ұшырағыш дефолт талаптарының, болашақ ақша ағындарының келтірілген құнын дисконттау факторының, болашақ ақша ағындары болжамының, қамтамасыз ету құнына өтімділік коэффициентінің және күтілетін және (немесе) бар кредиттік шығындарды есептеуге қатысатын басқа да құраушы формулалардың жан-жақты тәртібі;

6) провизиялар (резервтер) мөлшерін есептеу кезеңділігі;

7) кредит тәуекелі ұлғайған және (немесе) азайған және қарсы агенттің ықтимал банкрот болуын және қайта ұйымдастырылуын бағалаған кезде кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюын айқындау өлшемшарттары;

8) дефолтты айқындау және дефолттың туындау тәуекелін айқындау (есептеу) тәртібі;

9) күтілетін кредиттік шығындардың ықтимал сценарийлерінің диапазонына талдау жүргізу тәртібі;

10) күтілетін кредиттік шығындар бағаланатын кезеңді айқындау тәртібі;

11) қарсы агенттің айтарлықтай қаржылық қиындықтарын нақты айқындау және оларды белгілеу (есептеу) тәртібі;

12) кредиттік шығындарды бағалаған кезде пайдаланылатын статистикалық және макроэкономикалық ақпараттың дереккөздері;

13) провизияларды (резервтерді) есептеу кезінде пайдаланылатын статистикалық ақпаратты жинау тәртібі.

Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінде осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген толық емес тізбелерді және (немесе) ақпаратты айқындауға жол берілмейді.

Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінде көрсетілмеген өзге дереккөздерге, құжаттарға, ақпараттарға және (немесе) негіздемелерге сілтемелерді Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінде пайдалануға жол берілмейді.

26. Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу мына бір немесе бірнеше негіз бойынша жүзеге асырылады:

1) қаржы ұйымының провизиялардың (резервтердің) мөлшерін айқындау барсына қатысатын құрылымдық бөлімшелерінің Провизияларды (резервтерді)

есептеу әдістемесінде көрсетілген тізбесін және олардың функционалдық міндеттерін өзгерту;

2) бекітілген Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінің халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі;

3) Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінің талаптарына сәйкес есептелген провизиялардың (резервтердің) шығындардың нақты сомаларына сәйкес келуіне жүргізілген тестінің нәтижелері;

4) статистикалық және макроэкономикалық деректердің дереккөздерінің оларды болашақта қолдануға мүмкін болмайтындай өзгеруі (болашақта алуға мүмкін болмау);

5) қаржы активтерінің, шартты міндеттемелердің қаржы ұйымы стратегиясының өзгеруіне байланысты кредиттік тәуекелдің ұқсас сипаттамалары бойынша топтастыруының өзгеруі;

6) провизияларды (резервтерді) нақты есептеудің артуы және олардың мөлшерін айқындау, оның ішінде оларды автоматтандыру тәртібінің жақсаруы.

27. Қаржы ұйымының немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы үшін) атқарушы органы бекiткен Провизияларды (резервтердi) есептеу әдiстемесiнiң және (немесе) Провизияларды (резервтердi) есептеу әдiстемесiне өзгерiстердiң және (немесе) толықтырулардың көшiрмелерiн және Қағидаларға 5 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша Провизияларды (резервтердi) есептеу әдiстемесiне енгiзiлген өзгерiстер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты қаржы ұйымы қаржы ұйымының немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы үшін) атқарушы органы Провизияларды (резервтердi) есептеу әдiстемесiн және (немесе) Провизияларды (резервтердi) есептеу әдiстемесiне өзгерiстердi және (немесе) толықтыруларды бекiткен күннен бастап бес жұмыс күнiнен кешiктiрмей уәкiлеттi органға ұсынады.

Қаржы ұйымының немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы үшін) атқарушы органы бекiткен Провизияларды (резервтердi) есептеу әдiстемесiнiң және (немесе) Провизияларды (резервтердi) есептеу әдiстемесiне өзгерiстердiң және (немесе) толықтырулардың көшiрмелерiн қарау нәтижелерi бойынша уәкiлеттi орган осы тармақтың бiрiншi бөлiгiнде көрсетiлген құжаттарды алған күннен бастап күнтiзбелiк алпыс күннен кешiктiрмей қаржы ұйымына Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Провизияларды (резервтердi) есептеу әдiстемесiне және (немесе) Провизияларды (резервтердi) есептеу әдiстемесiне

өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға ескертулердің болмауы немесе болуы туралы хабарлама жібереді.

Банк қызметі мәселелері бойынша бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру барысында уәкілетті орган қаржы ұйымына Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне және (немесе) Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға ескертулердің болмауы немесе болуы туралы хабарлама жібереді.

Уәкілетті органның ескертулерін қаржы ұйымы осы тармақтың екінші және үшінші бөліктерінде көзделген хабарламаларын алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей жояды.

Қағидалардың 26-тармағында көзделген бір немесе бірнеше негіз бойынша өзгертуге және (немесе) толықтыруға жататын Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінің ережелері қаржы ұйымы уәкілетті органның ескертулерін жойғанға дейін, сондай-ақ оны халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келтіргенге дейін қолданылмайды.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 11.02.2021 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28. Уәкілетті орган салық органдарының сұратуы бойынша осындай сұрату алынған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінің, оған өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың келісілген көшірмелерін, сондай-ақ уәкілетті органның берілген ескертулері туралы ақпаратты ұсынады.

29. Салықтық тексеру жүргізу кезінде уәкілетті орган салық органының сұратуы бойынша сұратуды алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне және (немесе) Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға ескертулердің болмауы немесе болуы туралы хабарламаны ұсынады.

Халықаралық қаржылық есептілік
стандарттарына және
Қазақстан Республикасының
бухгалтерлік есеп пен қаржылық
есептілік туралы заңнамасының
талаптарына сәйкес провизиялар
(резервтер) құру қағидаларына
1-қосымша

Күтілетін кредиттік шығынды есептеу формуласы

$$ECL =$$

$$\sum_{t=1}^n$$

$PD * LGDt * EADt * Dt$, мұндағы

PD – дефолттың ықтималдылығы (%);

$LGDt$ – дефолт жағдайындағы залалдың деңгейі (%);

$EADt$ – дефолт тәуекеліне ұшыраған талаптар;

Dt – дисконттау факторы;

t – қаржы активі бойынша ақша ағындары болжанатын кезең.

Халықаралық қаржылық есептілік
стандарттарына және
Қазақстан Республикасының
бухгалтерлік есеп пен қаржылық
есептілік туралы заңнамасының
талаптарына сәйкес провизиялар
(резервтер) құру қағидаларына
2-қосымша

Он екі айға күтілетін кредиттік шығынды есептеу формуласы

$$ECL =$$

$$\sum_{t=1}^n$$

$PD_{12} * LGDt * EADt * Dt$, мұндағы

PD_{12} – дефолттың ықтималдылығы (%);

$LGDt$ – дефолт жағдайындағы залалдың деңгейі (%);

$EADt$ – дефолт тәуекеліне ұшыраған талаптар;

Dt – дисконттау факторы;

t – қаржы активі бойынша ақша ағындары болжанатын кезең.

Халықаралық қаржылық
есептілік стандарттарына және
Қазақстан Республикасының
бухгалтерлік есеп пен қаржылық
есептілік туралы заңнамасының
талаптарына сәйкес провизиялар
(резервтер) құру қағидаларына
3-қосымша

Болашақ ақша ағындарының келтірілген құнының формуласы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.06.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

$$PV = \sum_{t=1}^n \frac{CF_t}{(1+r)^t}$$

мұнда:

PV - болашақ ақша ағындарының келтірілген құны;

CF - болашақ ақша ағындарының болжамы;

r - пайыздың тиімді мөлшерлемесі;

t – қаржы активі бойынша ақша ағындары болжанатын жылдар саны.

Болашақ ақша ағындарының келтірілген таза құнының формуласы

$$\Delta NPV = \left(\sum_{t=1}^n \frac{CF_t}{(1+r)^{\frac{t}{12}}} - \sum_{i=1}^m \frac{CF_i}{(1+r)^{\frac{i}{12}}} \right) / \sum_{i=1}^m \frac{CF_i}{(1+r)^{\frac{i}{12}}}$$

мұнда:

CF_t

– жаңа кесте бойынша жоспарлы төлем (қайта құрылымдау уақытынан бастап қарызды өтеу мерзімінің соңына дейін негізгі борыш пен сыйақыны өтеу);

CF_i

– ескі кесте бойынша жоспарлы төлем (қайта құрылымдау уақытынан бастап қарызды өтеу мерзімінің соңына дейін негізгі борыш пен сыйақыны өтеу);

r – қайта құрылымдауға дейін қолданыста болған пайыздың тиімді жылдық мөлшерлемесі;

t – қайта құрылымдау ұсынылған күннен бастап жаңа кесте бойынша алдағы төлем жасау күніне дейінгі айлар саны;

i – қайта құрылымдау ұсынылған күннен бастап ескі кесте бойынша алдағы төлем жасау күніне дейінгі айлар саны;

n – жаңа кесте бойынша қарыздың аяқталуының қалған мерзімі айлармен;

m – ескі кесте бойынша қарыздың аяқталуының қалған мерзімі айлармен.

Халықаралық қаржылық есептілік
стандарттарына және
Қазақстан Республикасының
бухгалтерлік есеп пен қаржылық
есептілік туралы заңнамасының
талаптарына сәйкес провизиялар
(резервтер) құру қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Провизиялардың (резервтердің) мөлшерлері бойынша тіркелім

Қарыз алушының атауы	Қарыз шартының сәйкестендіру нөмірі	Шарттың нөмірі	Шарттың күні	Есепке алу акпараттық жүйесіндегі қарыз шартының сәйкестендіру нөмірі (бар болса)	Қарыздың берілген күні	Шарт бойынша соңғы төлемнің өтелген күні	Біртектілік белгісі: (1-жеке ; 2-біртекті)	Кредиттік тәуекел белгісі (А-1 қоржын ; В-2 қоржын ; С-3 қоржын)	Кредиттік тәуекелдің жалпы сипаттамалары бойынша топтастыру белгісі	Жыл басындағы берешек	Провизиялардың (резервтердің) жыл басындағы сомасы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

жалғасы

Талап ету құқығы мөлшерінің азаюы, оның ішінде:		Талап ету құқығы мөлшерінің ұлғаюы, оның ішінде:		Жыл соңындағы берешек	Дисконт / Сыйлық ақы	Активтің мөлшері не әсер ететін өзге де көрсеткіштер (құндық көрсеткішпен)	Провизиялардың (резервтердің) жыл соңындағы сомасы	Қамтамасыз етудің жыл соңындағы құны	Кезең ішінде провизиялардың (резервтердің) азайтуда түскен кірістер	Провизиялардың (резервтердің) құру бойынша кезең ішіндегі шығыстар
борышкердің талапты орындауы нәтижесінде	өзге негіздер бойынша	қарыз беру, сыйақы, өсімпұл, тұрақсыздық айыбын есептеу нәтижесінде	өзге негіздер бойынша							
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23

Халықаралық қаржылық
есептілік стандарттарына және
Қазақстан Республикасының
бухгалтерлік есеп пен қаржылық
есептілік туралы заңнамасының
талаптарына сәйкес провизиялар

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 11.02.2021 № 20 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда ұсынылады: қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға

Әкімшілік деректер нысаны www.finreg.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат

Әкімшілік деректер нысанының индексі: Н1-ЕДБ.

Кезеңділігі: Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігіне қарай.

Есепті кезең: 20__ " ____ " _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: банктер (акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұлттық даму институты болып табылатын банкті қоспағанда), Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары және банктік қарыз операцияларын жүргізуге арналған лицензияның негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Ұсыну мерзімі:

банктің (акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұлттық даму институты болып табылатын банкті қоспағанда), Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы үшін) банктік қарыз операцияларын жүргізуге арналған лицензияның негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның атқарушы органы Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды бекіткен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей.

Нысан
(мың теңгемен)

				Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу негіздері	Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне енгізілген
		Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне	Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне		

№	Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінің тармағы, тармақшасы	өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізгенге дейінгі редакция	өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейінгі редакция	ж ә н е Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу негіздеріне түсініктемелер	өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нәтижесінде провизиялар (резервтер) мөлшері өзгеруінің есептік бағалауы
1	2	3	4	5	6
1					
2					
3					

Атауы _____ Мекен-жайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекен-жайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) _____ телефон _____

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға

уәкілеттік берген адам _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) _____

ҚОЛЫ

Провизияларды (резервтерді)
есептеу әдістемесіне енгізілген
өзгерістер және (немесе)
толықтырулар туралы ақпарат
нысанына
қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат

(индексі: Н1-ЕДБ, кезеңділігі: Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігіне қарай)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексі 1-бабының 2-1-тармағына, 250-бабының 1 және 3-тармақтарына және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленген.

3. Нысанды банк (акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұлттық даму институты болып табылатын банкті қоспағанда), Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы және банктік қарыз операцияларын жүргізуге арналған лицензияның негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде толтырады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан көп сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Нысанға бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме

6. 2-бағанды толтыру кезінде Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесінің өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілетін құрылымдық элементі көрсетіледі.

7. 3-бағанда Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесі құрылымдық элементінің өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгенге дейінгі редакциясы көрсетіледі.

8. 4-бағанда Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесі құрылымдық элементінің өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейінгі редакциясы көрсетіледі.

9. 5-бағанда Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігінің негізі көрсетіледі.

10. 6-бағанда Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне енгізілетін өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нәтижесінде провизиялар (резервтер) мөлшерінің өзгеруін есептік бағалау деректері көрсетіледі.

Халықаралық қаржылық
есептілік стандарттарына және
Қазақстан Республикасының
бухгалтерлік есеп пен қаржылық
есептілік туралы заңнамасының
талаптарына сәйкес провизиялар

Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне және (немесе) Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға ескертулердің болмауы немесе болуы туралы хабарлама

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.11.2019 № 230 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20__ жылғы " __ " _____

№ _____

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган

_____ (қаржы ұйымның ұйымның мекенжайы)

_____ (қаржы ұйымның ұйымның атауы)

келтірілген кестеге сәйкес Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне және (немесе) Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға ескертулердің болмауы туралы					
Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне және (немесе) Провизияларды (резервтерді) есептеу әдістемесіне өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға ескертулердің болуы туралы хабарлайды					
	р/с №	Құрылымды қ элементтің нөмірі	Құрылымды қ элементтің редакциясы	Ескерту	Жою мерзімі
	1.				
	2.				
	...				

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның басшысы немесе басшысының орынбасары

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Орындаушы _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, телефоны)

Хабарламаны алды _____

_____ (қаржы ұйымы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, күні)

Хабарлама қаржы ұйымына жіберілді _____

(жіберу және (немесе) алу фактісін растайтын құжаттың атауы, күні, нөмірі)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 269 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының күші жойылды деп танылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 ақпандағы № 65 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8670 болып тіркелген, 2013 жылғы 17 қазанда "Егемен Қазақстан" газетінде № 233 (28172) жарияланған).

2. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 25 ақпандағы № 65 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 289 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9387 болып тіркелген, 2014 жылғы 22 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. "Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 ақпандағы № 65 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 27 маусымдағы № 152 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14153 болып тіркелген, 2016 жылы 20 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).